



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

Әдебиеттер тізімі

1. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. т. I-III. М., 1950.
2. Қазақстан тарихы – Алматы, т. I.- 1996., 505 - бет.
3. Гумилев Л.Н. Византия түпкі материалдарының негізінде Бірінші түрік қағанатындағы ұлы жанжал.- Византийлік шежіре, 20 том, 1961. 97-бет.
4. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы 1994.
5. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. -М., 1964. - С.185
6. Гумилев Л.Н. Хунну.- М., 1960.-С.197
7. Банзаров Д. Черная вера или шаманство у монголов. – Спб., 1891, С

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАУЫ, СӘЙКЕСТІК ҚЫЗМЕТІН АТҚАРА АЛМАУЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ФОРМАСЫНАН АЙЫРЫЛУЫ.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тарих факультеті «Археология және этнология» кафедрасының магистранттары: А.О.Кумисова, Г.У. Эшбекова

Бүгінгі таңда қазақ тілінің өзгеріске ұшырауы, қазақ ұлтының ішінара сәйкестік мәселесін туғызып отыр. Бір ұлт өкілдері бір-бірімен сәкестену процесіне ұшырады. Бір қазақ, үш қазақтың біреуімен міндетті түрде орыс тілінде сөйлесу дәрежесіне жетті. Таза қазақ тілінде сөйлеп тұрмын деген адамның сөздік қорында, орыс тілді кірме сөздер қолданылады. Әрине бұл кеңестік саясаттың ықпалы. Ұлт мәселесінің білгірі саналған Сталин XX ғасырдың 20-жылдардың аяғына қарай шексіз билікті қолына алған соң аз халықтарыдың тілін де, өзін де жойып жіберетін қатыгездіктерге жолберді. Қиыр Шығыстағы кәрістердің, Волга бойындағы немістердің, Солтүстік Кавказ халықтарының, азды-көпті түрік-месхеттердің, поляктардың, гректердің зорлықпен Қазақстанға депортациялануы сталиндік жүгенсіздіктің нәтижесі. Бұған кейін де Хрущевтің тың игеру науқаны тұсындағы көші-қон үрдісі қосылды. Сталин тұсындағы социалистік модернизациялау қазақ даласын экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, саяси, мәдени жаңа келбетке әкелумен қатар осылардың әр-қайсында орыс тілінің үстемдігін орнатуға жеткізді. Бұл объективті мазмұндағы орыстандыру саясаты еді [1; 106б.].

РСФСР құрамында ҚазКСР-і құрылғаннан кейін мемлекеттік органдар қазақ тіліне қатысты бір қатар нақты құжаттар қабылдады. Кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізілген тіл саясаты көп жағдайда бұрынғы патша үкіметі ұстанған ұлт саясатының заңды жалғасы іспетті әрі оның қағидаларына сәйкес келді. Халық ағарту комиссариатының аз ұлттар мектептері туралы 1918 жылғы қазанның 31-індегі қаулысы, РКП(б)-ның VIII съезінің ана тілінде оқыту арқылы біртұтас еңбек мектебін құру туралы оңды бастамалары, РКП(б) X съезінің (1921 жыл) елдің барлық халықтары үшін ана тілін сот, әкімшілік, шаруашылық, мәдениет және т.б. салаларға енгізу міндетін артқан ұлттық саясат туралы резолюциясы өз мағынасында толық жүзеге аспай, қағаз жүзінде қалды. Ұлттар істері жөніндегі халық комиссары болған И.В. Сталин 1921 жылғы мамыр айында айтқан: «Бір ғана ұлттық тепе-теңдікпен» шектелмей, «ұлттық тепе-теңдіктен» «ұлттардың нақты теңелу шараларына көшу керек» тұжырымынан кейінде айнып шыға келді де, кеңес мемлекетіндегі бір-ақ тілдің – орыс тілінің әлеуметтік, саяси және шаруашылық салаларында кеңінен қанат жаюына ықпал етті. Қазақстанда қазақ тілі еркін де дербес дамуы құқығынан айрылды. Республика халқы – мейлі қазақ, украин, өзбек, ұйғыр және т.б. әлем мәдениетінің барлық биіктерін орыс тілі арқылы меңгеруге тиіс болды [1; 110б.].

Қазақстанда 1938 жылы 5 сәуірде Қазақ КСР ОАК және ХКК «Қазақ мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» қаулысы шығады. Бұл қаулы тіл саясатындағы жаңа

ағымға бастау болды және Қазақстанда орыс тілінің басым болуына жағдай жасады. Қаулыда: «ҚазКСР-ң Орталық Атқару Комитеті және Халық комиссарлар кеңесі республика бойынша қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту қанағаттанарлықсыз жағдайда деп анықтады» деп көрсетілді. Осыған байланысты орыс тілі барлық мектептерде міндетті түрде оқытылуы керек болды. Сонымен қатар мектептердің оқу жоспарына өзгерістер енгізіліп, орыс тілін оқытуға бөлінетін сағат саны ұлғайтылды [2; 213б.].

1930 жылдардың басындағы аппаратты негіздеу, мекеме, ұйым, кәсіпорын атауларын қазақша белгілеу, қазақ тілін меңгерген мамандарға жеңілдік енгізу, барлық оқу орындарында қазақ тілін міндетті түрде оқытудың барлығы тек қысқа мерзім ішінде жүргізілді. Оны 1930-шы жылдардан басталып КСРО құлағанға дейінгі кезеңде жүргізілген орыстандыру саясаты алмастырды. XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы тілдік саясат бір қалыпты болмады [3; 190б.].

Жаһандану үдерісінің қарқын алуы дүние жүзіндегі көптеген мемлекеттердің ұлттық саясаты мен ұлттық идеологиясына, ұлттық сәйкестілігі мен мемлекеттілігіне қатысты сындарлы жаңа міндеттерді алға тартып отыр. Бұл халықаралық қатынас, экономикалық интеграция, ұлттық қауіпсіздік, мәдени-гуманитарлық салалардағы еліміздің ұстанымын ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырудың қажеттігін айқындайды. Жаһандану дәуірінде әлемдік өркениеттер ықпалдастығының артуы технологиялық жетістіктерді адамзат баласының қолдану мүмкіндігін кеңейткенімен, ұлттық құндылықтарды, атап айтқанда, тіл, жазу, дін, діл, ұлттық мінез-құлық пен ұлттық сана-сезім, рухани-әдеби мұраларды жою немесе бүлдіру қатерін арттыратыны сөзсіз. Әсіресе, әлемдік тілдердің қолданылу кеңістігінің артуы дамуы әлсіз тілдерді ығыстырып, тіпті қолданыстан шығару тенденциясы айқын көрініс беруде.

Ұлттық және аймақтық бірегейліктерді айқындауда жазудың рөлі зор екендігін зерделей келе, саясаттанушы Р. Қадыржанов Қазақстандағы қазақтардың кеңестік кезеңнен бері түркілік бірегейліктен гөрі ресейлік бірегейлікке негізделуінің, яғни қазақтардың орыстануының мынадай факторларын атап көрсетеді: - Қазақстанның әлеуметтік өмірінің барлық саласында орыс тілінің басым түсуі мен оның этносаралық коммуникацияның шынайы құралы ретінде әрекет етуі; - Қазақстанның шамамен барлық жерлерінде, негізінен үлкен қалалардағы орыс халқының көптігі; - қазақ мәдениетіне қарағанда өзінің әлеуеті мен деңгейі жағынан орыс мәдениеті әлдеқайда жоғары деген көзқарастың қазақтар арасында кеңінен таралуы;

- негізінен орыс әдебиетін, тарихын, музыкасын, өнердің өзге де түрлерін, философия мен мәдени мұраның өзге де формаларынан хабардар қазақтардың білім деңгейінің қазақ мәдениетінің тиісінше түрлеріне қарағанда айтарлықтай жоғарылығы мен тәуірлігі; - қазақ тілін қоса алғанда, Қазақстандағы барлық тілдер үшін кириллицаның ортақ жазу ретінде қолданылуы; - орыс тілінің бастауыштан бастап жоғары білімге дейінгі білім беру жүйесінде айтарлықтай көлемде қолданылуы мен қазақ балаларының басым бөлігі мен қалалық жастардың мектептер мен жоғары оқу орындарында орыс тілінде білім алуы;

- орыс тілінде басылып шыққан көркем-әдеби, оқу, анықтамалық, ғылыми, энциклопедиялық, т.б. кітап өнімдерінің Қазақстанда да, Ресейде де басым болуы; - Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде ресейлік электрондық және баспа бұқаралық ақпарат құралдарының басым болуы және соның салдарынан қазақтар мен қазақстандықтардың Қазақстандағы жағдайға қарағанда Ресейдің әлеуметтік-саяси өмірі жайлы мәліметтен хабардар болуы; - ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда үлкен маңызға ие қазақтардың тарихи санасында Қазақстан, Ресей және өзге де посткеңестік мемлекеттердің кеңестік өткені жайындағы түсініктің әбден сіңуі; - аға және ортаңғы буын өкілдерінің басым көпшілігінің кеңестік өткен өмір жөніндегі сағынышының кеңес заманында өмір сүрмеген жас ұрпақтың белгілі бір бөлігіне беріліп, қабылдануы; т.б.

Қазақстан Президенті Н. Назарбаев «Қазақ тілі – Қазақстандағы барлық этностарды біріктіруші фактор болуы керектігін» айтып келеді. Дей тұрғанмен, мемлекетіміздегі барлық этностар мемлекеттік тіл арқылы бірігу үшін, ең алдымен, қазақтар қазақ тілін меңгеріп,

ұлттық бірегейлігін қалыптастыруы шарт. Елімізден тысқары жерлерде 5 миллионға жуық қазақтардың өмір сүретінін ескерсек, онда сол қазақтардың тарихи Отаны ретінде Қазақстан шетелдегі ұлттық диаспораларына жан-жақты қолдау көрсетуі қажет. Бұндай маңызды міндеттер Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан – 2030» ұзақ мерзімді Стратегиялық жоспарында, 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру Стратегиясы» атты Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың халыққа арнаған Жолдауында көрініс тапқан. Қазақтың ұлттық таным-түсінігі үшін түркі әлемінен шыққандығы оның мәдени, тарихи, тілдік, т.б. қатынастарын анықтауда орны толмас мағынаға ие болатыны байқалады [4; 326.]. Осы мәліметті сезіну 1980 жылдың соңы мен 1990 жылдың басында қазақтың ұлттық рухы ояна бастаған кезінде маңызды рөл атқарды, нәтижесінде Қазақстан мемлекеті өз егемендігін алды. Қазақтардың түркілік бірегейлігі әрқашан өзінің негізделу, нығаяу жолын тауып отыруға тиіс, әйтпесе ұлттық сана басқа бірегейліктің үстемдігіне ілесіп кетуі мүмкін. Ал бұл өз кезегінде қазақтың ұлттық бірегейлігінде теріс жағдайлар тудырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жуманова А. XX ғасырдың 20-40 жылдары Қазақстанда тіл саясатындағы жүргізілген кеңестік тәжірибе. // Қоғам және дәуір. – Алматы: Жалын, 2013. -№2-106-113 бб.
2. Бөкейхан Әлихан. Шығармалар / Ә. Бөкейхан. – Алматы: Қазақстан, 1994. -384 б.
3. Махат Д.А. Тіл мен діл тағдыры: тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат: (мақалалар мен зерттеулер). – Астана: Ана тілі-Ата тарих, 2007. -190 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде. – Алматы: Қазақстан XXI ғасыр, 1999. -232 б.

ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ АРЕНАҒА ШЫҒУЫ.

ҚҰМАР МАМЫР ҚАНАТҚЫЗЫ

ҚКМК М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі

Ғылыми жетекші: Жұмағұлова Әсем Әлібекқызы, қоғамдық пәндер оқытушысы.

XX ғасыр басында Ресейдің патшалы үкіметі өзінің отарлық езгісін күшейтудің түрлі шараларын ең алдымен материалдық байлығын тонаудан бастаса, екінші жағынан қолды рухани қазынаға сұғуды ұмытпады. Ішкі саяси тұрақтылықтың шеті шығып қалғанын аңғару қиын болмаса да, сыртқы саяси қауқар көрсету әлі де болса, жергілікті «баскесерлердің» есебінен күшейіп тұрды. Осы тұрасында Міржақып Дулатов 1907 жылы жазған «Қазағым менің, елім менің» атты мақаласында былай деп келтіреді: «...Ең алдымен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық ... оның ешқандай правосы жоқтығы кек тудырады. Халықтан жиналған салық қаражатының көп бөлігі халыққа, тіпті керек емес нәрселерге жұмсалады ... Енді чиновниктер біздің дінімізге, атадан мұра болып еле жатқан әдет-ғұрыптарымызға, біздің моллаларға ғана тиісті неке мәселелеріне араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды» [1;221]. Ауылдық жердегі отарлау мал жаятын жайылымның тарылуына, мал саны азаюының үдей түсуіне және көшпелілердің тұрмыс деңгейінің үнемі төмендеуіне әкеп соқты. Қазақ бұқарасының жерсіз қалуының күшеюі салдарынан орыс помещиктері мен кулактарына, байларға жалданушы батырақтар саны көбейді. Бұл жөнінде Тұрар Рысқұлов «Казахстанская правда» газетінің 1935 жылғы 22 қазанындағы санында: «Кен рудниктеріндегі, тұз кәсіпшіліктеріндегі қазақ жұмысшылары аяусыз қаналды және адам төзгісіз тұрмыс жағдайында тұрды», - деп жазды. [2;109]

Қазақ ауылын басқаратын әкімшілік жүйе патша үкіметінің отарлау-әміршілдік аппаратымен бірге қайнасып кеткен бай-шонжарлар өкілдерінің қолында болды. Өлкедегі әлеуметтік-экономикалық және саяси хал-ахуал, негізінен, аграрлық, ұлттық және белгілі